

2023-2024 оқу жылында 1 қыркүйек – Білім күніне арналған «Мектебім- мейірім мекені!» атты тақырыбында 1-11 класс оқушыларымен салтанатты жиын болып өтті. 1 қыркүйек — бірінші класс оқушылары үшін ерекше мереке. Биыл мектеп табалдырығын 1 класс бойынша 57 оқушы қадам басты.



Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында 1 қыркүйек – Білім күніне арналған «Мектебім – мейірім мекені!» атты тақырыбында 1-11 класс оқушылары арасында класс сағаттар өткізілді.



«Жол тәртібін білейік, аман-есен жүрейік» (реализация проекта «Жеткіншектің жеті жарғысы») Қорғалжын АПБ ЖПҚБ бастығы полиция капитаны Е.Асанбаевпен, Қорғалжын аудандық полиция бөлімінің учаскелік полиция инспекторы полиция майоры О.Дәулетовпен "Жол жүру қауіпсіздігі апталығы" кең ауқымды республикалық акциясы аясында "Жүргізушіге хат" челленджі өткізілді. Челленджге Қорғалжын ауылы мектеп-гимназиясының "Жас полиция көмекшісі" ұйымы қатысты. Іс-шара барысында автокөлік жүргізушілері тоқтатылып, оларға оқушылардың акция аясында салған шығармалары және суреттері таратылды.



3 "Ә" класс оқушылары "Жол жүру қауіпсіздік апталығы" акциясына қатысты. Оқушылар жол белгілерінің суретін салып, жол жүру ережелері жайлы сұрақ-жауапқа қатысты.



Қазақстан халқының тілдері күніне орай апталықтың салтанатты ашылуы өтті.



Тілдер апталығы аясында 8-9 кластар арасында "Where is the logic?" интеллектуалды сайысы өтті. Сайыстың мақсаты: логикалық ойындар арқылы оқушылардың ақыл-ой белсенділігін тәрбиелеп, ой-өрісін арттыру, үштілділікті дамыту.

Өткізген: М.Рахимова, И.Сураева



Тілдер апталығы аясында 6 класс оқушыларымен

"А. Байтұрсынұлы - қазақ әліпбиінің негізін қалаушы" тақырыбындағы өткен тәрбие сағатында білгендерімен бөлісе отырып, ақынның тіл саласына қосқан үлесімен таныс болды. Өткізген: Досымова Г.Х.



Аудандық білім бөлімінің хаты негізінде Қазақстан халқының тілдері күні мерекесіне орай 12.09.2023 ж. күні Қорғалжын ауылы мектеп -гимназиясында "Бала тілі-бал" атты байқауы өткізілді. Мақсаты: оқушыларды туған халқының тілін қастерлейтін саналы да парасатты азамат етіп тәрбиелеу. Оқушылардың өз ана тілін деген құрмет сезімін арттыру, тіл мәртебесін көтеру, таза сөйлеуге үйрету, өз еліне деген сүйіспеншілігін ояту.

Қатысушылар: 0 мен 1 класс оқушылары.

Жеңімпаздар мен қатысушылар грамота, мадақтама қағазымен марапатталып, сыйлықтарын алды. Байқауға 18 оқушы қатысты.

Өткізген: бастауыш класс мұғалімдері: А.С.Туребаева, Ш.Ж.Есім.



Тілдер онкүндігі аясында 9А және 9 Б класс оқушылары арасында “Aqyl battle” интеллектуалды ойыны өтті. Мақсаты: Мемлекеттік тілді құрметтеу, сыйлау, ана тілдерін қастерлеу сезімдерін қалыптастыру. Сөздік қорларын байыту, іскерлікке дағдыландыру. Ұлтжандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. Тұрақты сөз тіркестерін, мақал-мәтелдерді дұрыс қолдана білу, ұғыну, түсіну ауызекі сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.

Өткізген: А.Б. Сулейменова, Г.С.Шугаева



Қорғалжын аудандық Мәдениет үйінің кітапханасында Қазақстан халқының тілдер күні мерекесіне орай «Атаның сөзі –ақылдың көзі» тақырыбында көнерген сөздерді насихаттау танымдылық сайысы өтті. Дода мақсаты: Мақсаты: оқушыларға көнерген сөздер туралы толық түсінік бере отырып, жаттығу жұмыстары арқылы пысықтау. Тіл байлықтарын дамыту, ауызша, жазбаша сауаттылықтарын арттыру, тіл тазалығын сақтауға, ана тілін құрметтеуге тәрбиелеу. Сайыс аудандық Мәдениет үйінің кітапханашысы Гүлжан Далабаевнаның ұйымдастыруымен Қорғалжын ауылы мектеп – гимназиясының кітапханашылары Гүлжанат Заруеновна, Жазира Жанатқызымен бірлесе өткізіліп, 8"а" класс оқушылары қатыстырылды. Іс-шара сұрақ – жауап, ұмытылып кеткен дәстүрлер, көнерген сөздерді талдау кезеңдерінен тұрды. Кезең барысында оқушылар көнерген сөздер тарихы, қазақ салт-дәстүрлері мен тіл туралы әдебиеттермен таныстырылды. Белсенді қатысқан оқушыларға естелік сыйлықтар табысталды.



3-сыныптар арасында ”Тілім бар да қазағым бар, халқым бар” атты ашық тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты: оқушыларды ұлтжандылыққа, көркем сөйлеуге тәрбиелеу. Болашақ өсіп келе жатқан ұрпақты, өз тілімізді құрметтеп, мемлекеттік тілде сөйлеуге насихаттау. Ашық

сабақ барысында оқушылар тілге байланысты мақал-мәтелдермен айтысты, ән шырқады және көк туымызбен би биледі.

Өткізген: Г.Шайхина, Ж.Өнербек



4 "а" класында "Тіл мерейі, ел мерейі" атты ашық тәрбие сағаты өтті. Мақсаты: Оқушыларды өз ана тілін қадір-қасиетін біліп, сөз құдіретін түсініп, оның адам өміріндегі маңызын ұғуға үйрету. Тәрбие сағатында үш тілде өлеңдер оқылып, әндер орындалды. Оқушылар көрініс көрсетіп, рөлдерін керемет ойнап шықты. Тәрбие сағатқа қонақтар мен ата-аналар келіп тамашалады.

Өткізген: А.Рыспаева



Тілдер күні мерекесіне орай «Қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы – Мағжан Жұмабаев» атты ақынның 130 жылдық мерейтойына арналған конференция өткізілді. Өмірі мен шығармашылығын таныту арқылы оның ақындық тұлғасы мен философиялық ойларынан нәр алуға бағытталған іс-шараға 9-11 класс оқушылары қатысты. Ақынның өлеңдерін мәнерлеп оқып, алдын ала түсірілген бейнематериалды тамашалап, шығармаларынан қойылған сұрақтарға толық жауап берген жеңімпаз 9 «а» класс оқушысы Ермекбаев Иманәліге ақшалай сыйлық табысталды. Іс-шараның өтуіне атсалысқандар марапатқа ие болды. Өткізген: Г.Сұлтанова, Г.Досымова



Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында Қазақстан Республикасының халықтарының тілдері күніне орай 5-7 кластар арасында тілдер фестивалі өтті. Фестивальдің мақсаты: оқушылардың мемлекеттік тілге деген қызығушылықтарын арттырып, бойларына патриоттық сезімді халықтың мәдени мұрасы арқылы қалыптастыру. Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріне деген қызығушылықтарын ояту, Қазақстан жерінде тұратын халықтардың салт - дәстүрлері туралы айту, тілге құрмет көрсетуге, оны ықыласпен үйренуге тәрбиелеу.

Әр класс берілген тапсырма бойынша өз халқының әдет-ғұрыптарымен, ұлттық тағамдарымен, дәстүрлі өнерімен таныстырды. Көрсеткен өнерлері үшін оқушылар номинациялармен марапатталды.



Денсаулық күніне орай «Біздің денсаулығымыз өз қолымызда!» ұранымен Денсаулық фестивалі өткізілді. Фестиваль салтанатты жиынмен ашылды. Денсаулық фестивалінің мақсаты: оқушылардың белсенді өмір салтын жүргізуге назарларын аудару, денсаулық үшін қимыл белсенділігінің артықшылықтары туралы хабардар болуын арттыру. Денсаулықтың негізі -қимыл, спорт, дұрыс тамақтану, таза ауада жүру екенін балаларға ұғындыру. Фестивальге мектебіміздің 8-10 класс оқушылары қатысты. Дене тәрбиесі мұғалімдері таза ауада қозғалыс ойындарын ұйымдастырды. Оқушылар арасында тоғызқұмалақ ұлттық ойыны ойнатылды.

Өткізген: А.Алибаев, М. Жакенов, Д. Сайлаубек, Ж.Әубәкір, Е.Кайдаров, Д.Төлегенова, бокс үйірмесінің жетекшісі Е.Қаратаев.



"Дәурен" стадионында 9-11 класс оқушылары арасында «Былғары доп» футбол ойынынан ер балалар арасында жарыс өтті. Тартысты додаға Қорғалжын ауданының 7 командасы қатысты. Нәтижелі ойын қорытындысы бойынша Қорғалжын ауылы мектеп-гимназиясының құрамасы жүлделі І-орынды жеңіп алды. Құттықтаймыз!

Бапкер: М.Жакенов



Қазақстан халқы Ассамблеясының 2022-2026 жылдарға арналған даму тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі жоспарына сәйкес 2023 жылғы 5 қыркүйек күні сағат 11. 00-де мемлекеттік тілде жалпықазақстандық ашық диктант өткізу жүргізілді.

Диктанттың мақсаты - Қазақстан халқын біріктіруші фактор ретінде мемлекеттік тілдің қоғамдағы рөлін нығайту. Мектебіміздің 9-11 класс оқушыларынан "Мағжан Жұмабаев - заманның заңғар тұлғасы" тақырыбында диктант жұмысы алынды.



Тілдер онкүндігі аясында 9А және 9 Б класс оқушылары арасында “Aqyl battle” пікір талас өтті. Өткізген: А.Б. Сулейменова, Г.С.Шугаева



Қарттар күні орай «Қарты бардың – қазынасы бар» іс-шара өтті.



Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында мұғалімдерді құттықтау үшін «Ұстазым — алтын діңгегім» атты салтанатты жиыны өткізілді. Ұлағатты ұстаздар мен оқушыларға концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Оқушылар өз тілектерін арнап ән айтты, би биледі. Ұстаздармен қызықты ойындар ойнатылды. Мұғалімдер ұйымдастырушылар мен мектеп әкімшілігіне алғыстарын айтып, өздеріне арналған құттықтаулардан керемет әсер алды.



Аудандық мәдениет үйінің COWORKKONG орталығында Қорғалжын мектеп-гимназиясының кітапханасы, Қорғалжын орталық кітапханасы ұйымдастыруымен Тәуелсіздігімізге – 32 жыл, Желтоқсан оқиғасына – 37 жыл толуына орай «Желтоқсан – тәуелсіздік рухы» атты тақырыптық кеш өткізілді. Іс-шараға Қорғалжын ауылы мектеп-гимназиясының 8 "А" класс оқушылары қатысты.



Қорғалжын ауылы мектеп-гимназиясында 2 және 3 бастауыш кластар арасында өткен "Аяулы күз, Алтын күз" ертеңгілігінде оқушылар күзгі ғажайыптары көрмесі, шығармашылық өнері мен "Күз ханзадасы мен ханшайымының" сән үлгісін көрсету тапсырмалары бойынша сынға түсті. Ертеңгілікте қызықты ойындар ойнатылып, әндер айтылды. Әр класс күз байлықтарынан себеттер толы сыйлықтарын алып, белсенділіктері үшін марапатталды.

Жауапты: А.Байтурова



Қорғалжын ауылы мектеп -гимназиясында 1-4 кластар арасында "Берекелі Алтын күз!" атты мерекелік іс-шарасы өткізілді. Берілген тапсырмалар бойынша бастауыш класс оқушылары "Күзгі бақ ғажайыптары" тақырыбында өздерінің қолөнерлерін жасап әкелді. Балалар билерін билеп, әндерін айтып көтеріңкі көңіл күйде болды. Барлық оқушылар мадақтамалармен марапатталды.

Өткізген: А.Туребаева, Ж.Жұмбай.



Қорғалжын ауылы мектеп-гимназиясында 10 класс оқушыларының ұйымдастыруымен 8-11 кластарда "Алтын күз" мерекелік кеші өтті. Оқушылар берілген тапсырмалар бойынша өз өнерлерін көрсетті. Атап айтқанда, би биледі, ал күз ханзадасы мен ханшайымына үміткер жұптар күз мезгілі тематикасына сай сән үлгілерін жасады. Барлық тапсырмаларды бағалай келе әр класс номинацияға ие болып, мадақтамалармен марапатталды. Ал күз ханшайымы мен ханзадасы болып 9 "А" класс оқушылары Карибаев Темірлан мен Тоқтар Кәмшат атанды.



Қазақстан Республикасы күні мерекесіне орай Қорғалжын ауылы мектеп -гимназиясында 1-4 кластар арасында "Қазақстан-туған елім, ұлы өлкем" атты сап түзеу өткізілді. Мақсаты: оқушыларды Отанды сүйуге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, туған еліне деген сүйіспеншілігін арттыру.
Өткізген: А.Туребаева, Ж.Жұмбай.



Республика күні қарсаңында "Жас Ұлан" және "Жас Қыран" мектепшілік балалар мен жасөспірімдер ұйымының қабылдау рәсімі өтті. Жас ұрпақтың тәрбиесіне қойылатын жаңа заман талабы - өз Отанын сүйіп және құрметтейтін өзара қарым- қатынас жасай білетін, өзін-өзі жетілдіру арқылы өмірлік мақсатына жете алатын, адамгершілік құндылықтарды, жеке қызығушылықтары мен қажеттіліктерін қоғам талаптарымен үйлестіре білетін жас ұрпақты қалыптастыру.
Ұйымдастырған: директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г. Ашимова, аға-тәлімгер Д.Төлегенова



Бүгін Республика күні қарсаңына орай 10 -11 кластар аралығында "Біздің таңдауымыз - заңды мемлекет" тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Еліміздің нышандары, тәуелсіздігімізге үлесін қосқан тұлғалар жөнінде өздері дайындаған мәліметтер арқылы білім қоржындарын толықтырған балалар ортаға ойларын салып, белсенділік танытты. Заңның құдіреттілігін таныған олар болашақ өмірде қажетті ақпараттармен қаруланды.
Ұйымдастырған: Г. Досымова, Г. Ахметова, А. Сүлейменова



Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында 10 - 11 класс оқушылары арасында нашақорлыққа қарсы іс-шара өткізілді. Өткізген мектеп медбикесі А.Бекенова, әлеуметтік педагог Г.Абсағиева



6-8 класс оқушыларымен кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және "Абайлаңыз, жұқа мұз!" және « Молодежь против коррупции» тақырыбында Қорғалжын аудандық полиция бөлімінің басшысы полиция подполковнигі Ш.Ашимовпен, Қорғалжын ауданы ТЖБ бас маманы азаматтық қорғау майоры Н.Абдураев, Қорғалжын ауданы ТЖБ қызметінің аға инженері Ж.Қошқарбаевпен кездесу өтті. Кездесудің мақсаты: оқушылар арасындағы ақшамен бопсалау фактілерін болдырмау, түнгі уақытта оқушылардың далада бейсауат жүруіне тыйым салу, ғаламторда қауіпті сайттарды қолданбау, тағы басқа заңсыз жағдайлардан сақ болуын ескерту. ТЖБ қызметкерлері 6-8 кластарға күзгі уақытта мұз айдындарында сақ болуға және өрт қауіпсіздігі жайлы дәріс оқыды. Оқушылар тақырыпқа сай видео көріп, ТЖБ қызметкерлеріне өздерінің сұрақтарын қойды.



Астана қаласының №26 мектеп-гимназиясында бала құқықтары Декларациясының қабылдануының 64 жыл толуына орай "Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары" тақырыбында Республикалық ғылыми-практикалық конференциясы өтті. Іс-шараға Қорғалжын ауылы мектеп-гимназиясының өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері 10 класс оқушылары Балташ Асанхайырхан, Нұрлан Бақыт, 9 класс оқушысы Талгат Назира қатысып, өздерінің тақырыпқа сай дайындаған баяндамаларымен таныстырды. Қорытындысы марапаттау рәсімімен аяқталды. Барлық қатысқан оқушыларға сертификат берілді. Жетекшілері: Г.Ашимова, Г.Абсағиева, Д. Төлегенова



Қорғалжын ауылы мектеп-гимназиясының мәжіліс залында эстетикалық-сауықтандыру апталығының аясында мектепішілік "Жас дарын-2023" байқауы өтті.

Мақсаты: дарынды оқушыларды анықтау, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және өзіндік жұмыс жасауға белсендіру, шығармашылыққа еліктіру, бос уақыттарын тиімді пайдалануға үйрету

Бағалау оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты жүргізілді. Барлық қатысушылар бағалы сыйлықтар және мадақтама қағаздарымен марапатталды.



Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында 9 "А" класс оқушыларымен " Құқықтық сана қауымдық пана " республикалық акциясы аясында тренинг өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға зорлық зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның ең жаман қасиеті екенін айту. Іс-шара барысында оқушылар зорлық-зомбылық түрлерімен танысты, сұрақтарға жауап берді. Өз ойларын сурет салу арқылы білдірді. Мектеп психологы тақырыпқа сай сауалнама алды. Өткізген: директордың орынбасары Г.Ашимова, мектеп психологы А.Байтурова, аға-тәлімгер Д.Төлегенова



"Тәуелсіздік - ел тұғыры" атты Тәуелсіздік күніне арналған іс-шаралар жоспарына сай "Біз - тәуелсіздік ұрпағымыз" қолөнер көрмесі ұйымдастырылды.



"Тәуелсіздік - ел тұғыры" атты Тәуелсіздік күніне арналған іс-шаралар жоспарына сай "Ұлттық рух- тәуелсіздік тірегі" тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.



"Тәуелсіздік - ел тұғыры" атты Тәуелсіздік күніне арналған іс-шаралар жоспарына сай 8 "А" класымен "Көк тудың желбірегені" тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.



6 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне орай 5"ә" класымен "Тәуелсіздік- таң нұрым" тақырыбында тәрбие сағаты өтті. Мақсаты: Оқушыларды еліміздің тәуелсіздік алған жылдар қол жеткізген табыстармен таныстыру, тәуелсіздік қасиетті ұғым екенін түсіндіру, жалпы тәуелсіз ел тарихы туралы түсінік беру.



"Біртұтас тәрбие" жоспарына сай 1-11 класс оқушылары қазақша киім үлгісінің элементтерін киді. Бұл оқушылардың қазақ халқының ұлттық дәстүрлерін дәріптеп, олардың қызығушылығын оятуға бағытталған.



COWORKING орталығында,мобильді кітапханада, электронды оқулықтар оқыды. Оқушылар QR-код көмегімен қосымша ақпараттарға қол жеткізе алды. Өткізген: А.Тлеулесова



27-28 желтоқсан күні бастауыш класс оқушыларына арналған "Жаңа жыл төрлет еліме!" атты шырша мерекесі үш кезең бойынша өте қызықты өтті. Оқушылар жаңа жылдық киімдерін киіп, ортада әндерін шырқап, билерін биледі. Әр класс оқушылары ата-аналар дайындаған сыйлықтарына ие болды.



Қорғалжын ауылы мектеп-гимназиясында тоғызқұмалақ, үстел теннисі, волейбол жарыстарынан жүлделі орын алған оқушыларды марапаттау рәсімі өтті. Облыстық бокс турнирінде жүлделі I-орын алған 10 класс оқушысы Картенбай Нұрдаулет Ақмола облысының чемпионы атанып, Республикалық турнирге жолдама алды.



Амангелді ауылының ЖОББМ-нің аясында Қорғалжын аудандық “Жастар” спартакиадасы бағдарламасына сәйкес шахмат, үстел теннисінен жарыс өтті. Шахматтан Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясы оқушылары жүлделі 1-орынға ие болды. Құтты болсын!



Е.Біжкенов атындағы кабинетінде 11 класс оқушыларымен мектеп оқушыларының бөгде сайттарға (Порно, Синий кит т.б өз өмірін қиюға жетелейтін сайттарға, діни ланкестік ұйымдар сайттары) дөңгелек стол өтті. Іс шара барысында оқушылар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойды.



А.Төлеубаев ЖОББМ-нің аясында ауыл мектептерінің 10-11 класс оқушылары Ауған соғысы ардагерлермен кездесті. Іс-шараға Қорғалжын ауданы әкімінің орынбасары Д. Сабырғалиұлы және аудандық Білім бөлімінің әдіскері О.Мұсай қатысты. Кездесу барысында Ұлы Отан Соғысы экспонаттары көрсетілді. «Мемориалдық аймақ» іздеу тобы біздің Қазақстан атқыш дивизиялары шайқаста болған майдан орындарынаң экспонаттарымен оқушыларды қызықтырды. БӘД мұғалімі Ауған соғыс ардагері Рахманкулов Сарсенбай Смагулұлы оқушылармен өзінің өмір тәжірибесімен бөлісті. Іс-шара жоғары деңгейде өткізіліп, өскелең ұрпақтың бойында үлкен патриоттық сасезілгені байқалды



«Үнемі оқитын адам – табысты адам» (Оқуға құштар мектеп) жобасы аясында 10 "б" класс оқушылары COWORKING орталығында жаңа электронды кітаптармен көрме ұйымдастырылды. Оқырмандарға атаулы тұлғалардың мерей тойлары таныстырылып, кітаптарын мобильдік QR-код арқылы оқуға ұсынылды.
Өткізген: Ж.Мухтарова, А.Тлеулесова



«Өзіңді мамандықтар әлемінде тап» («Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру» жобасы) 9 класстар арасында онлайн сбақ өтті.



Мектебімізде Алғыс айту күніне орай үзіліс кезінде оқушылармен психологиялық тренинг өткізілді. Мақсаты: - ризашылық пен алғыс туралы түсінік беру;
- үлкен - кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым - қатынасын дамыту;
- әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу.

Тренинг барысында оқушылар жақын адамдарына алғыстарын жазды және отбасы, татулық, достық туралы мақал-мәтелдер айтты.

Өткізген: мектеп психологы А.Б.Сулейменова



8 наурыз -Халықаралық әйелдер күні мерекесінің мектепішілік жоспарына сәйкес 6"А" класс оқушыларында "Аналарға мың алғыс!" ашық тәрбие сағаты өткізілді.
Өткізген: А.Уткельбаева



Жоғары буын класс оқушыларында Наурызнама концепциясына және Наурыз мейрамының мектепішілік жоспарына сәйкес “ Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні” тақырыбында мерекелік іс-шара өтті. Іс-шара мектеп директоры Н.Тәжиннің, ғылыми-әдістемелік жұмысының орынбасары Б.Жусупова, оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Абсағиеваның, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ашимованың құттықтау сөздерінен басталып, мерекелік концертке ұласты. Белсене қатысқан кластар марапатталды. Оқушылар өз өнерлерін көрсетіп, ұлттық мерекемізді жоғары деңгейде өткізді.
Өткізген: Г.Ашимова, Д.Төлегенова, өзін-өзі басқару ұйымы.



Республикалық “Домбыра күні” челленджіне қатыстық.



Көктем демалысының мектепшілік жоспарына сәйкес 1-11 класс оқушыларымен “Көктемгі демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері” тақырыбында онлайн сабақ өткізілді. Өткізген: Н.Байқадамова, О.Калдыбаева, А.Байтурова, А.Жомартова, Г.Шайхина, Ж.Өнербек, Г. Досымова, Г.Сураганова, Г.Шугаева, А.Байтемирова, А.Сулейменова, К.Дангилова, А.Уткельбаева



1 сәуір- Халықаралық құстар күні 1906 жылы Құстарды қорғау бойынша конвенцияның бекітілуінен кейін атап өтіле бастады. Осы мақсатта Қорғалжын ауылы мектеп-гимназиясының 5 класс оқушылары Қорғалжын ауданының мемлекеттік қорығында экскурсияда болды.



Мәжіліс залында жоспарға сәйкес Аудан прокуратурасы прокурорының көмекшісі Қ.Берғалиұлы , Білім бөлімінің тәрбие ісі жөніндегі әдіскері А.Турсынова қатысуымен 9-11 класс оқушыларымен кездесу өтті.



Ақмола облысы білім басқармасының медиа жоспарына сәйкес 5 “А” класс оқушыларының ата-аналарымен жиналыс өткізілді. Жиналыс барысында ата-аналармен мектептегі тәрбие жұмысы, техникалық қауіпсіздік ережелері туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Өткізген: Г.Шугаева



“Ақмола облысы білім басқармасының әдістемелік орталығы” КММ ұйымдастыруымен 2024 жылы сәуір айының 4-5 күндері Көкшетау қаласында “Ұлттық құндылықтар негізінде тәрбие беру-заман талабы” республикалық ғылыми-практикалық конференциясы өтті. “Туған өлке тарихы-ұрпаққа мұра” класс жетекшілер секциялық жұмысына мектебіміздің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Уткельбаева А.М қатысты.



12 сәуір - Ғарышкерлер күніне" орай 1 "Б" класс оқушыларымен "Ғарышқа саяхат" тақырыбында ғылыми жұмыстар байқауы өтті.



Оқушылар және мұғалімдермен мектепшілік сенбілік өткізілді. Сап түзеуден басталған іс-шарада әр класқа жоспар бойынша аумақ бөлініп, жауапты мұғалімдер бекітілумен ұласты. Әр оқушы мен мұғалім еңбегінің арқасында мектебіміздің аумағы жиналып, тазартылды.



Аудандық “Мағжан оқулары” ғылыми-шығармашылық байқауы өтті. Байқау нәтижесінде мектебіміздің 8 класс оқушысы Каптысәлімов Сұлтан “Өлең менің- Шолпаным, Айым, Күнім” шығармаларды жатқа айту номинациясында жүлделі 2 орынға ие болды.



“1 мамыр- Қазақстан халқының бірлігі күні” тақырыбында мектеп асфальтында сурет салды.



1-11 кластарда “Бірлігі жарасқан-Қазақстан” тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.



Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары арасында “Біртұтас тәрбие ” бағдарламасы аясында аудандық “Білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысы жүйесінің панорамасы” байқауы өтті.

Мақсаты: "Біртұтас тәрбие" жобасын мектептің тәрбие жұмысында іске асыру.

Мұғалімдерді шығармашылық тұрғыдан дамыту.

Байқау нәтижесінде Қорғалжын ауылы мектеп-гимназиясының директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ашимова жүлделі 1-орынға ие болды.



Қорғалжын аудандық мемлекеттік архивінде 9-10 класс оқушылары Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 80 жыл толуына орай

" Ұлы Отан соғысы жылдарындағы архив құжаттары сыр шертеді " тақырыбындағы көрмеге қатысты. Көрменің мақсаты: архивте сақтаулы құжаттармен танысып, Ұлы Отан соғысына қатысқан жеке тұлғаларды еске алу.



10-11 класс оқушылары арасында "7 мамыр- Отан қорғаушылар күніне" орай әскери-спорттық ойындар өтті. Жарыс 4 кезеңнен тұрды. Барлығы 12 оқушы қатысты. Дода жоғары деңгейде өтті. Нәтижесінде:

Жалпыкомандалық 1 орын - 10 "А" класс

Жалпыкомандалық 2 орын - 10 "Б" класс

Жалпыкомандалық 3 орын - 11 "А" класс

Барлық қатысушылар диплом және сыйлықтармен марапатталды.



Мамыр айының мерекелерінің мектепшілік жоспарына сәйкес 1-11 кластарда "Жас ұландар-мақтанышы елімнің!" тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.

Өткізген: Г.Ахметова, Ш.Есім, А.Сулейменова, Г.Шугаева



Мектебімізде “12 мамыр - Аналар күні” мерекесіне орай жоғарғы класс оқушыларымен “Анаға мың алғыс” тақырыбында дөңгелек үстел өтті.



9- мамыр Жеңіс күні мерекесіне орай Ақмол ауылдық округінде орналасқан АЛЖИР лагеріне өлкетану -танымдық мақсатында экскурсияға барды.



Жергілікті полиция қызметі басқармасының ювеналды полиция тобының “ Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі” инспекторы полиция аға лейтенанты А.Саден, Қорғалжын АПБ-нің ӘПБ ӘТ инспекторы полиция капитаны А.К. Ожбанов, аудандық білім бөлімінің тәрбие ісі жөніндегі әдіскері А.Тұрсыновамен оқушылар арасында жол ережесін сақтамау, түңгі уақытта жүрмеу сияқты құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында профилактикалық жұмыстар жүргізілді. Атап айтқанда, оқушылардың ата-ана қарауынсыз мектеп аумағында, көпшілік жерде электрлік велосипед және мопед тебуіне тыйым салу туралы кездесулер жүргізілді.



Қорғалжын орталық кітапхана кітапханашы Г.Д.Оспанова, Қорғалжын ауылы мектеп-гимназиясының кітапханашылары Ж.Ж.Мухтарова, А.Б.Тлеулесова бірлесіп, Ілияс Жансүгіровтің туғанына 130жыл толуына байланысты тәрбие сағатын өткізді. Мақсаты: ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы терең түсінік беру. Жазушының әдеби мұрасын негізгі ерекшеліктерін ұғындыру.



Қорғалжын орталық кітапханасында ақын-демократ, мұғалім-ағартушы, қоғам қайраткері Сәбит Дөнентаевтың 130 жылдығына арналған «Сәбит Дөнентаев өмірі мен шығармашылығы» атты танымдылық сағаты өтті. Іс-шара Қорғалжын ауылы мектеп-гимназиясының кітапханашыларымен бірлесіп өткізілді. Орталық кітапхана кітапханашысы Г.Д.Оспанова 7 «Ә» класс оқушыларына ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы мәлімет беріп, бейнеролик көрсетті.



9-11 кл оқушыларына Қорғалжын ауданының Жастар ресурстық орталығының теолог маманы Жумабаев Жандос Нурхалиевич теріс пиғылды діни ағымдардың идеологиясына қарсы тұру, діни-құқықтық сауаттылықты арттыру туралы семинар өткізді.



Қазақстан Республикасының әскери қайраткері, армия генералы, Кеңес Одағының Батыры, Қазақстан Республикасының тұңғыш қорғаныс министрі, «Халық қаһарманы» Сағадат Қожахметұлы Нұрмағанбетовтың 100 жылдығына орай Республика бойынша ашық сабақ өткізілді. Өткізген: А.Алибаев, Г.Ашимова



2023-2024 оқу жылының аяқталуына орай 1-10 кластарында "Білімім-Отаным" атты класс сағаттары өтті. Әр класс сағаты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранымен басталды. Оқушыларға Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту Министрі Ғ.Б.Бейсенбаевтың бейне құттықтауы көрсетіліп, олардың оқу жылы бойы жеткен жетістіктері сараланды. Сабақ барысында бастауыш класс оқушылары сурет салды, ал жоғары класс оқушылары Отан тақырыбында эссе жазды. Өткізген: О.Калдыбаева, Н.Шамбекова, Ш.Есім, А.Туребаева, Ө.Жібек, А.Тажина, Г.Ахметова, Г.Досымова, И.Сураева, К.Имажанова, А.Байтемирова, Г.Сураганова, Ш.Бадыкова, К.Дангилова, Г.Шугаева, У.Уралбаева, А.Сулейменова



Дәстүрлі “Мектебім, саған мың алғыс!” тақырыбында салтанатты іс-шарасы өтті. Алғашқы құттықтау сөзді мектеп директоры Н.Тәжин сөйледі. Іс-шара қонақтары-Қорғалжын ауылының әкімі Н.Дуанбаев, Аудандық білім бөлімінің оқу-ісі жөніндегі әдіскері А.Нарын оқушыларға өздерінің ізгі тілектерін білдірді. Мектебімізді осыдан 10,20,30,50 жыл бұрын бітірген түлектері оқушыларға жүрекжарды лебіздерін айтып, болашақ ұрпаққа кеңестерін берді. Мектеп бітірген түлектер мектепті аралып, оқушы

кездерін еске алу мақсатында бұрын оқыған кабинеттеріне кіріп, мектепке ризашылығын айтты.



Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында оқушылардың жазғы демалыс уақытында қауіпсіздік ережелерін сақтауы мақсатында мектепшілік жалпы ата-аналар жиналысы өтті.



Қамқоршылық кеңесінің жарты жылдық қорытынды есебі

Қамқоршылық кеңес 9 мүшеден тұрады, мектептің қамқоршылық кеңесінің төрағасы Рыспаев Мухтар Оралбаевич. Қамқоршылық кеңес мектептегі іс-шаралар мен қайырымдылық шараларға белсенді қатысады, алдын алу кеңестеріне қатысады. Ата-аналар жиналысы өткізілді. Күн тәртібінде: Өткен жылғы тәрбие жұмысының есебі. 2022-2023 оқу жылына тәрбие жұмысының жыдық жоспарымен ұйымдастыру. (мектеп формасы, оқушылардың тәртібі мен сыртқы келбеті, сынып ата-аналар комитетінің төрағаларын сайлау, ата-аналар ұжымы мен әкелер кеңесін құру туралы) Жалпы білім беретін мектептердегі психологиялық қызметтің қызметі (бірінші класс үшін психолог) Бірінші класс оқушыларын мектепке бейімдеу (бірінші класс үшін) Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар бойынша оқуды өткізу туралы. Мектепке қауіпсіз жол 2023 жылдың 11-12 қазанда жоспарға сәйкес мектебімізде «Бала әлеміне код», «Жасөспірімдер дағдарысының мәселелері және оларды шешу жолдары» тақырыптарында «Ата-аналар академиясы» ата-аналар клубының отырысы өтті. Мектеп-гимназиясының директоры Н.Тәжин сөз сөйлеп, Білім және ғылым министрлігінің нормативтік-құқықтық актілерін оқып, ата-аналар орталығымен негізгі мақсатымен таныстырып, бұл орталық ұстаздар мен ата-аналардың өзара қарым-қатынасы, өзара қарым-қатынасы, бір-бірімен алмасуы екенін айтты. баланың жалпы білім беретін ұйымда табысты болуы үшін қажетті ақпарат, балалардың ата-аналары мен мұғалімдері арасында сенімді қарым-қатынас орнату, оларды бір ұжымға біріктіру, олардың мәселелерін бір-бірімен бөлісу және бірге шешу қажеттілігін тәрбиелеу. Бұл кездесуде ол «Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу», «Қауіпсіз терезелер», «Жол жүру ережелері» тақырыптарында баяндамасын жалғастырды. Келесі кезекте ата-аналар орталығын

отырысын мектеп психологтары А.Сулейменова, жалғастырды. Олар тренинг элементтерімен психологиялық сессия өткізді. Кездесу қызықты және пайдалы өтті, ата-аналар балалардың рөліне үйреніп, қызығушылықпен және ынтамен, шығармашылық қабілеттерін көрсетті, өзара жанашырлық, эмоционалдық ашықтық пен бір-біріне деген қызығушылық биледі, зерігу болмады. Қатысушылардың барлығы жағымды эмоциялармен кеткеніне сенімдіміз.